

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы
Ж.Қ. Асановқа

Нұр-Сұлтан қаласы адвокаттар
алқасының адвокаты
Қ. Дауренұлынан

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан Республикасындағы Сот жүйесі өзінің мүмкін болатын жоғарғы деңгейіне жетіп, халықтың сенімін толығымен ақтайтын құқықтық мемлекеттің негізін қалаудағы үлесіңіздің арқасында ауданаралық Судьялардың шешімдері тараптарды толық қанағаттандыралық деңгейге жетуде!

Қорғау туралы хабарлама негізінде, мен №184310031003922 қылмыстық іс бойынша жәбірленуші ретінде танылған Т.Таукелованың заңды мүддесін қорғауда қорғаушы ретінде тағайындалған болатынмын.

Істің мән-жайы бойынша сотталушылар А.А.Уразалиев пен А.Болатұлына қатысты 99-баптың 2-бөлігі 7,11-тармақтарымен және 307-баптың 2-бөлігі 2-тармағымен сотқа жолданған 28-томды қылмыстық істі негізінен қарау болып табылатын.

Айтылған істі Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Алиев Думан Икрамович қарады.

Осы істі қарауда судья Д.И.Алиевтың кәсіби міндеттерін орындауда тиянақты және мұқият көзқарасын ерекше атап өткім келеді. Істің барлық материалдарын зерттей келе, ол даулы мәселенің мәнін түсінуге тырысты. Ол үшін ол екі тарапқа да өз дәлелдерін егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік берді, көптеген нақтылайтын сұрақтар қойды.

Процесс барысында судья Д.И.Алиев екі тараптың өкілдеріне құрметпен қарады, сот процесінің тараптарына заңмен берілген барлық құқықтардың сақталуын қамтамасыз етті.

Судья Д.И.Алиев қылмыстық істі мұқият қарау нәтижесінде 18.04.2022 жылы, А.А.Уразалиевты ҚР ҚК-нің 99-бабының 2-бөлігі 7,11-тармақтарымен кінәлі деп танып, 18 жылға бас бостандығын айыру жазасын тағайындап, 307-баптың 2-бөлігі 2-тармағымен кінәлі деп танып, 2 жылға бас бостандығын айыру жазасын тағайындап, ҚР ҚК-нің 58-бабының 4-бөлігіне сәйкес, жазаларды ішінара қосу арқылы түпкілікті 19 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған; А.Болатұлын ҚР ҚК-нің 99-бабының 2-бөлігі 7,11-тармақтарымен кінәлі деп танып, 15 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған, біздің ойымызша әділетті және негізді Қаулы шығарды.

Осыған байланысты, менің сенім білдірушім Т.Тауекелованың атынан және жеке өзімнен, судья Д.И.Алиевтың қылмыстық істі қарау барысында кәсіби шеберлігін көрсетіп, заңнамалық нормаларды нақты сақтағаны үшін алғысымызды және ризашылығымызды білдіргіміз келеді.

ҚР Жоғарғы Сотының ұжымына әрдайым Заңның әріпі мен рухына адал болып қалуды, сондай-ақ Сіздердің қиын кәсіби салаңызда табысқа жетуді тілеймін.

Құрметпен,

Адвокат

Қ. Дауренұлы